

## Тәрбие көзі - ұлттық құндылықта

3-бетте

## Ұлы Дала тарихы - жас ұрпақ тәрбиесінің өзегі

4-5-бетте

## Мен таңдаған білім ордасы

8 - бетте

### ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:

#### 5 КҮНДІК ОҚУ МЕКТЕПКЕ ДЕ ЕНЕ БАСТАДЫ

Білім беру жүйесі жоспарлы түрде 5 күндік оқу аптасына көшірілмек. Оған 2016 жылы – 1-сыныптар; 2017 жылы – 1, 2, 5, 7 сыныптар; 2018 жылы – 1-8, 10 сыныптар; 2019 жылы барлық сыныптар көшеді.

2 - бетте

#### ТӘРБИЕ КӨЗІ - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТА

Негізгі мақсат - әйелдердің әлеуметтік белсендігін арттыру; Әйелдерге құқықтық кеңес беру, ақпараттардың қол жетімділігі; Әйелдердің өзара қарым-қатынасын жақсарту, интеллектуалды дамыту; Ғалым әйелдерді қолдау, психологиялық көмек-кеңес беру; Әйелдердің еңбек жағдайларын жақсарту; Әйелдермен ғылыми, мәдени, құқықтық семинарлар, конференциялар, кештер ұйымдастыру; Қазақ дәстүріндегі әйел рөлін насихаттау.

3-бетте

#### ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ - ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ КӨЗІ

Университет қабырғасында білім алып, түлеп ұшқан студенттер бүгінде елімізде және шетелдерде сан алуан салаларда жемісті еңбек етуде. Үздік бітірген түлектер жыл сайын Түркияның жетекші университеттеріне магистратура және докторантураға жіберіліп келеді. Жеке-леген түлектер Түркияда, ТМД және Еуропа елдерінде лайықты биіктерден көрініп жүр.

4-5-бетте

#### МЕН ТАҢДАҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ

Мыңдаған сұрақтардың жетегінде жүріп, соңында бір тоқтамға келдім. Қазақтың қаймағы бұзылмаған оңтүстік өңірдің бетке ұстар оқу орны - Халықаралық қазақ-түрік университетін таңдадым.

8-бетте



ҚҰРМЕТТІ ОҚИТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР! ҚЫМБАТТЫ СТУДЕНТТЕР!

Сіздерді Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын! Баршаңызға жақсы көңіл-күй, жаңа жетістіктер мен шығармашылық ізденістер, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттіліктер тілеймін.

Әр істің, әр мамандықтың негізі - білімде. Білім адамға өз өмір жолын таңдауда сенімділік пен еркіндік, жеңістерге жетуге, өз қабілеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Біздің елімізде сапалы білім беруді қамтамасыз етуге ерекше назар аударылған.

#### Қымбатты жастар!

Білім нәрімен сусындап, асқар шыңдарды бағындырыңдар! Жаңа оқу жылында жаңа белестерден көрініп, қиыншылық пен сындарға мойымай, алға қойған мақсатарына сүрінбей жетіңдер.

Ал ұстаздарға еңбегінің жемісін, шәкіртінің жеңісін көруге тілектестік білдіремін.

Үлкен құрметпен:  
президент Уәлихан ӘБДІБЕКОВ.

БИЫЛ ОҚУ ОРНЫМЫЗҒА

**1656**

СТУДЕНТ ҚАБЫЛДАНДЫ.

ОНЫҢ **527** - I

МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ

ГРАНТЫМЕН, **343** - I

ТҮРКИЯ ГРАНТЫМЕН,

**700** - I КЕЛІСІМ-ШАРТ

НЕГІЗІНДЕ ОҚИТЫН БО-

ЛАДЫ

## УНИВЕРСИТЕТ КӨРМЕСІ - АСТАНАДА

АСТАНА. ҚазАқпарат - 25 тамызда Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде Қожа-Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетімен бірге ұйымдастырылған Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Ұлы Дала тарихы» сурет көрмесі ашылды.

Көрмеге Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті, өнер факультетінің оқытушылары мен магистранттары жасаған 40 қылқалам туындысы қойылды.

Көрме «Ұлы Даланың Ұлы тұлғалары» және «Ұлы Даланың Ұлы оқиғалары мен құбылыстары» деген екі бөлімнен тұрады. Суреттердің тақырыптары мұқият таңдалып, университеттің тарихшы археологтары тарапынан көркемдік сараптамадан өткен.

Көрменің басты мақсаты - Ұлы Даланың тарихи оқиғалары мен ел тағдырындағы орны ерекше тұлғаларын көркемдік тұрғыдан қайта көрсету арқылы жастарды отансүйгіштікке баулу және қазақстандықтардың жаңа тарихи көзқарасын қалыптастыру, дейді ұйымдастырушылар.

«Ботай елді мекені», «Қазақ даласындағы аң аулау өнерінен көрініс», «Сақ басшысы - Алтын адамды жерлеу рәсімі», «Отырар моншасы», «Тайқазан», «Отырар кітапханасы», «Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылысы» тағы басқа суреттерде біздің заманымызға дейінгі бес мың жыл бұрынғы Ботай мәдениетінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы ұлттық тарих пен мәдениеттің артефактісіне айналған мәдени-рухани және материалдық ескерткіштер бейнеленген. Сол сияқты көрмеге Мәңгілік Елдің тұғырын бекемдеуге қызмет жасаған даланың дана билеушілері, батагөй билері мен ержүрек батырлары сынды тарихи тұлғаларымыздың да портреттері қойылған.

Көрме 25 қыркүйекке дейін жалғасады.

Көрме туралы 4-5 беттердегі материалда толық баяндалған.



## Бұл Сіздің газет!



### Қадірлі оқытушы, студент!

Біз Сіздер үшін университет тынысымен таныс болсын деп газет шығарып жатырмыз. Енді осы газетке сіздің де араласқаныңызды қалаймыз. Айналаңыздағы дүниеге көз салып, өзіңізді қызықтырар тақырыптар туралы, әріптестеріңіз бен достарыңыз жайлы мақалалар жазып берсеңіз деген тілегіміз бар. Тек ол жазғаныңызды жүздеген оқырманның оқитынын бір сәт те естен шығармағаныңыз жөн. Сол үшін сіз жұрт оқитын ең қызықты материал беруге ұмтылуыңыз керек. Жазғаныңыз ақ парақтың бір бетінен аспағанын қалаймыз.

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

## ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА - ЖАҢА КЕШЕН



Жаңа оқу жылы университетіміз үшін бірқатар жағымды жаңалықтармен басталды. Білім күніне орай футбол алаңы ашылып, пайдалануға берілді. Нысан толықтай заман талабына сай жабдықталған.

Спорт кешенінің ашылу салтанатына Ахмет Ясауи университеті Әкілетті Кеңесінің төрағасы Мұса Йылдыз, ӨК мүшесі М.Шимшек, университет президенті У.Абдибеков, I вице-президент М.Куталмыш қатысты. Ресми өкілдер ҰБТ-да жоғары ұпай жинаған 1-курс студенттеріне символикалық білім кілті мен сынақ кітапшасын табыстады. Оқытушы-қызметкерлер «Университетке 25 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Мұнан соң университет президенті У.Абдибеков Рио-де-Жанейродағы жазғы Олимпиадаға қатысқан университетіміздің студенті, дзюдодан спорт шебері Дидар Хамзаға 250 мың теңгенің сертификатын тапсырды. Ел намысын қорғаған спорт шеберін ынталандыру мақсатында ректор оған жоғары стипендия тағайындалатынын жеткізді.

Шара соңында білім шаңырағының оқытушылары арасында футболдан жолдастық кездесу өтті. Мерекелік шара салтанатты от шашумен және патриоттық әсем әуендермен аяқталды.



## 5 КҮНДІК ОҚУ МЕКТЕПКЕ ДЕ КЕЛДІ

Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап, еліміздің барлық мектептерінде бастауыш білім берудің жалпыға міндетті білім беру стандарты кезең-кезеңмен енгізіле бастады.

Оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңартумен қатар білім беру жүйесі жоспарлы түрде 5 күндік оқу аптасына көшірілмек. Оған 2016 жылы – 1-сыныптар; 2017 жылы – 1, 2, 5, 7 сыныптар; 2018 жылы – 1-8, 10 сыныптар; 2019 жылы барлық сыныптар көшеді. Оқушылар мен мұғалімдерге қосымша 34 демалыс күні (сенбі) ұсынылады.

Елімізде 12 жылдық білім беру схемасы 2019 жылдың қыркүйегінен бастап 0+11 сынып қағидаты бойынша енгізілетін көрінеді. Яғни, 5 және 6 жастағы балалар үшін нөлінші (0) сынып енгізіледі. Бастауыш мектеп мұғалімдерінің стандартты апталық жүктемесі 18 сағатты құрайды. Мұғалімнің оқу жүктемесін әр мектептің басшылығы бекітеді. Үш тілде оқыту жүйесіне көшу мәселесіне келсек, 2016-2017 оқу жылында дайындық жұмыстары жүргізіледі. 2019 жылдан бастап 10 және 11 сыныптарда ғана 4 пән ағылшын тілінде оқытылады. 1-9 сыныптарда оқыту жүйесі өзгермейді.

## ҚАЛАДАҒЫ АТЫС

Жаңа оқу жылы түркістандық мектептердің бірі үшін төтенше жайтпен басталды. 2 қыркүйек күні жоғарғы сынып оқушылары өзара ерегісіп, мұның соңы атыспен аяқталған. Бұзақылардың арасында мектепті бұрынырақ бітіріп кеткендері де бар. Олар ұсталып, қазір сотқа дейінгі тергеу амалдары басталып кетті, деп хабарлайды BAQ.kz тілшісі Қараван-ға сілтеме жасап.

TVK телеарнасының хабарлауына, атыс салдарынан үш бала жарақат алып, ауруханаға жеткізілген. Үшеуіне де оқ тиіпті, қазіргі жағдайлары туралы ақпарат жоқ. Полицейлер болса осы іске қатысы бар екі күдіктіні ұстаған.

«Төбелестен кейін дереу 15 жастағы Бекжан Бақдәулет есімді оқушы ұсталды. Одан заттай айғақ ретінде 16 калибрлі аңшы мылтығы тәркіленіп алынған. «Бұзақылық» дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүріп жатыр. Екінші күдікті — 18 - жастағы Дініслам Раушанбек. Полицейлер одан травматикалық тапанша тәркілеп алды. «Заңсыз қару-жарақ сақтау» дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалды. Орын алған осы жайттан кейін қалада жаппай алдын алу шараларын бастап кеттік», - дейді Түркістан қалалық ІІБ басшысы Баһадыр Битұрсынов.

Айта кетейік, соңғы 8 айда Түркістанда жасөспірімдер қолымен жасалған 9 қылмыс тіркелген. Полицейлер олардың барлығының ашылғанын айтып отыр.

## ГРАНТҚА ІЛІКПЕГЕН «АЛТЫН БЕЛГІ» ИЕГЕРЛЕРІН ЖОО ТЕГІН ОҚЫТУҒА МІНДЕТТІ ЕМЕС

Мемлекеттік грантқа ілікпеген «Алтын белгі» иегерлерін жоғары оқу орындары тегін оқытуға міндетті емес. Мектепті үздік бітірген, бірақ мамандықты дұрыс таңдамаған жастарды университеттер қаржылық мүмкіндігіне қарай қабылдайды деп жазады BNews.kz.

«Мемлекет оларға орын тауып беруге міндетті емес, өйткені таңдаған өздері, бұл – нарық. Мем-

лекет бөлінген грант санын, оған түсудің жолдарын, шарттарын алдын ала айтады. Университеттер де грант алмаған «Алтын белгі» иегерлерін қабылдауға міндетті емес. Олар ішкі қаржылық жағдайы мүмкіндік берсе ғана оқыта алады. «Алтын белгі» иегерлері грантсыз қалмауы үшін олардың өздерімен, ата-аналарымен дұрыс жұмыс жүргізу керек», - дейді Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов.

## ҚР БҒМ БІРҚАТАР ЖОО РЕКТОРЫ ЛАУАЗЫМЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАДЫ

ҚР Білім және ғылым министрлігі 2016 жылдың 1 қыркүйегінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің, Павлодар және Қостанай мемлекеттік педагогикалық институттарының ректорлары лауазымдарына конкурс жариялады, деп хабарлады www.24.kz.

ЖОО-ларда корпоративтік басқарудың толыққанды қағидаттарын ендіру және бұл мәселені талқылауға жұртшылықты кеңінен тарту жұмысы аясында білім ордаларының ректорларын сайлау жөніндегі ашық конкурс алғашқы рет өткізілмек. Конкурсқа қатысушы үміткерлерге қойылатын талаптар: жоғары білім, басқару лауазымдарындағы еңбек өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс. Үміткерлер белгіленген құжаттардан бөлек ЖОО-ның дамыту бағдарламасын ұсынулары шарт. Оларды ЖОО-ның Бақылау кеңесі 25 күнге дейінгі мерзім ішінде қарастырады. Осы уақытта жұртшылықпен талқылау мақсатында ЖОО-ның дамыту бағдарламалары жергілікті аймақтық БАҚ-да және білім ордаларының ақпараттық стендтерінде жарияланады.

## ГРАНТПЕН ОҚЫҒАНДАРҒА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША 3 ЖЫЛ ЖҰМЫС ІСТЕУ МІНДЕТТЕЛУІ МҮМКІН

Биылғы грант жеңіп алып, мемлекет қазынасы есебінен оқыған талапкерлер мемлекетке қарыз болмайды. Алайда келесі жылдан бастап грантқа түскендерге кемінде үш жыл мемлекеттік қызметте мамандығы бойынша жұмыс істеу міндеттелетін болады.

Биыл дәрігер немесе мұғалім боламын деп шешіп, грантқа түскен талапкерлер, университетті тәмамдағаннан кейін мамандығы бойынша үш жыл жұмыс істеуі тиіс. Бұл «Білім туралы» заңға енгізілген өзгерістер шеңберінде қабылданып

отыр. Тағы бір жылдан соң, 2017 жылдан бастап бұл ереже жоғарғы оқу орындарына бюджет есебінен оқуға түскен барша студент үшін міндетті нормаға айналмақ.

— Гранттар әр аймақтағы еңбек нарығындағы талап бойынша бөлінбек. Осының арқасында университет түлектері жылдам жұмыс орнын таба алады, — дейді ҚР білім және ғылым министрлігі мониторинг, білім несиесі және еңбекке орналасу қаржылық орталығының жетекшісі Мәди Шабаров.

kaz.caravan.kz

## УАҚЫТ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

«Уақыт қымбат асылдан, білім үйрен жасыңнан». Бұл сөз нағыз өз мәнінде айтылған. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. Жеткен шыңы. Дұрыс қойылған тыныс белгі сияқты. Төрткүл әлемде бұрын-соңды өткен ақылман алыптардың, ұлағатты ұлылардың, асыл сөзді ардагерлердің, шешен тілді шертпелердің, орақ тілді білгірлердің уақыт туралы айтылған ақыл-нақыл аталы сөздерінің сұрыпталған жинағы. Адамзат өмірінің қоғамдық тәжірибелерінің, ғылыми зерттеу мен ізденістерінің жемістері.

Сан жылды уақыт ұрлайды дегендейін аққан су, батқан күндей тоқтаусыз жылжыған уақыт көзді ашып-жұмғанша, тағы бір жылды, яғни үш жүз алпыс бес күнді ұрлайды. Ал осы бір жыл, бір айды, бір күнді босқа жібермеген адам өкініштен аулақ болады. Абай «егер уақытты босқа өткізсең дұшпанның қолында кетіп барамын деп түсін» дейді. Ойлаңызшы! Уақытты босқа қоя берген адамнан бақытсыз сорлы адам болмақ емес-ау, сірә...

Уақыт - өмір, уақыт - асыл, бұл тек өз

қолымызда ғана. Тек біз дұрыс пайдалана алғанда ғана аңсаған арманға жетуімізге болады. Сондықтан да уақытқа деген көзқарасымыз айқын болуы шарт. Әсіресе бос қиялмен өмір сүру сол дұшпанның қолында кеткенмен бірдей.

Дүниедегі әрбір адамның басындағы уақыттары ұқсас. Бірақ осы уақытты өткізу формасы ұқсамайды. Әрине компьютер, немесе телефон басты ғаламторласқан осы ғасырда жастардың уақыты жылап кетіп жатыр. Бекер, босқа қор болуда. Жастық ғұмырын жалмап барады. Қалай өмір кешсең уақытың солай өтпек демекші, «түстік ғұмырың болса кештік малыңды жи» дегенді еске алып бекер уақыт жылатқанша, бекер өмір өткізгенше ізденіс жасап, тынбай талпынып өмірдің қыры мен сырын меңгеріп, аз да болса бойымыздағы ең үлкен қасиетті халқымыз үшін жұмсауға, сол үшін қызмет етуге сара жол етсек. Одан артық не қуаныш, қандай бақыт болмақ!

Үмітбек БАҒДАТ.



УНИВЕРСИТЕТ МӘДЕНИЕТ САРАЙЫ

## ТӘРБИЕ - ТАЛ БЕСІКТЕ

Жастарды қоғам жұмысына белсене қатысуға өзінше міндеттері білім мекемелері арқылы жүзеге асырылады. Білім ордаларында білім мен тәрбие алу барысында жастардың ақыл-ойы дамиды, адамгершілік қасиеттері қалыптасады, ой еңбегіне төселеді, рухани өмір байлығын меңгереді, эстетикалық талғамы, сезімі артады. Өмір жастарды осы заманғы ғылым мен халық шаруашылығының кеңінен өркендеу дәрежесіне қарай жан-жақты тәрбиелеу міндеттерін талап етеді.

Тәрбие – күрделі әрі ұзақ процесс. Оған белгілі бір дәрежеде білім, тәжірибе, шеберлік қажет. Ондай болмаған жағдайда тәрбие саласында белгілі бір нәтижеге қол жеткізу қиындыққа түседі. Сондықтан да біз тәрбиені шығармашылық жұмыстарының жемісі деп білеміз. Тәрбие, сонымен бірге, педагогикалық әрекетте: мәдени құбылыс; педагогикалық ықпал ету; студенттердің әрекетін ұйымдастыру; қарым-қатынас құралы ретінде жан-жақты қарастырылады.

## ТӘРБИЕ КӨЗІ - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТА

Білім беру орындарында тәрбиенің басты міндеттері – теориялық білімді еңбекпен, өмірмен байланыстыра жүргізу, білімгерлерді еңбек тәрбиесіне баулу, оларды политехникалық, экономикалық, экологиялық біліммен қаруландыру, кәсіптік бағдар беруге тәрбиелеу.



Университетте тәрбие жұмыстары бірнеше мақсатты жүзеге асырады:

1. Түркі дүниесімен қарым-қатынасты нығайту және білімгерлерге түркі тілдес халықтарының ортақ тарихы, ортақ рух мәдениеті мен түркі дүниесі құндылықтарын қалыптастыру. Осы мақсат шеңберінде:
  - жастар арасында қарым-қатынасты дұрыс қалыптастыру, рухани және патриоттық тәрбие бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастыру;
  - клубтық-үйірмелік, волонтерлық қызмет және студенттік өзін-өзі басқаруға тарту.
2. Қазақстанда және бүкіл әлемде университеттің танымалдылығын арттыру. Осы мақсат шеңберінде:
  - шетелдік және ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарында университет туралы жариалануының санын артыру;
  - университеттің қарым-қатынас орнатқан халықаралық және ұлттық қоғамдық ассоциациялар, ұйымдар санын арттыру.
  - халықаралық және Республикалық деңгейде нәтижеге жеткен спортшылар мен өнерпаздар санын арттыру
3. Білімгерлерді әлеуметтік қолдау бағдарламасын жүзеге асыру. Осы мақсат шеңберінде:
  - жатақханамен қамтамасыз етілген студенттер үлесі;
  - университет қызметіне студенттердің ризашылық деңгейін жоғарылату
  - әлеуметтік әлсіз және дарынды, белсенді жастарды қолдауға бағытталған қаржыландыру үлесін арттыру.

Осы мақсаттарды орындау барысында студенттерге тәрбие беру жүзеге асады. Жоғары оқу орындарында студенттерге рухани адамгершілік тәрбие, патриоттық және интернационалдық сезімді қалыптастыруды арттыру; студенттерге мәдени-эстетикалық және этномәдениеттік тәрбие, парасаттылық және интеллектуальды белсенділік, ғылыми-зерттеулік баулу тәрбиесі, үнемділік және табиғатты қорғау тәрбиесін арттыру мәселеріне көп көңіл аударылады.

Студенттерге тәрбие ісін жүргізу барысында психологиялық аспектіге көңіл бөлу қажет, соның ішінде өзара түсіністіктің құрылымы мен механизмдерін ескеру қажет.

Бірін-бірі көптен білетін адамдардың қарым-қатынастарын сызбалау қиынға түседі, ал алғашқы кездесу кезіндегі әсерлерді бір сызбаға келтіруге әбден мүмкін. Адамдар бір-бірімен танысуының басында өзгенің қылықтары мен сезімдерін қабылдағанда, өздерінің өткен өмірде қалыптасқан стереотиптерінің рөлі үлкен [Елеусизова С. Қарым-қатынас психологиясы. - Алматы, 1993].

Барлықтарыңыздарға белгілі, деканат тарапынан әр топқа тәлімгерлер бекітіледі. Тәлімгер – ол кім? Осы мәселе ұстаздарды да, студенттерді де, ата-ананы да мазалайды. Тәлімгер туралы әр түрлі пікірлер қалыптасқан. Соларға тоқталайық. «Тәлімгер өзінен кейінгілерге үлгі болу керек. Жас мамандарды үйретіп, жол көрсетіп, бағыт беруі тиіс», «Ұстаздан шәкірт озар деген сөзді шындыққа айналдыруы тиіс», - деп ойлаймын (esenova). «Ол үшін тәлімгерің мейірбанды, ақылды, білімді, саған бері мол адам болуы керек».

Топ тәлімгерлері студенттермен тәрбие жұмыстар жүргізеді. Қаншама дұрыс жұмыс жүргізеді? Студенттің жанын түсіне ала ма? Онда неге кейбір жатақханада, пәтерде жататын студенттер өздері жоғары курс студенттерден тәлімгер сайлап алады? Осы жайтқа көңіл бөлуіміз керек сияқты.

Сонымен қатар, университетте 2014 жылдан бастап Әйелдер кеңесі жұмыс жасайды. Әйелдер кеңесінің басты мақсаты: әйел

мәртебесін көтеру, әйел құқығын қорғау, мұқтаж жандарға қол ұшын беру, студент қыздарға арналған тәрбиелік шаралар өткізу.

Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ әйелдер кеңесінің негізгі ережесінде университетте қызмет атқаратын қызметкер, жұмысшы әйелдердің шығармашылық, өндірістік және әлеуметтік мүдделерін, әйел бостандығы мен құқығы, интеллектуалдық еңбегі, рухани және материалдық құндылықтарын дамыту мәселелері қамтылған.

Негізгі мақсат - әйелдердің әлеуметтік белсендігін арттыру; Әйелдерге құқықтық кеңес беру, ақпараттардың қол жетімділігі; Әйелдердің өзара қарым-қатынасын жақсарту, интеллектуалды дамыту; Ғалым әйелдерді қолдау, психологиялық көмек-кеңес беру; Әйелдердің еңбек жағдайларын жақсарту; Әйелдермен ғылыми, мәдени, құқықтық семинарлар, конференциялар, кештер ұйымдастыру; Қазақ дәстүріндегі әйел рөлін насихаттау.

Негізгі қағидалары - қауымдастық қызметінде ашықтық, адалдық, ақыл, рухани және ынтымақтастыққа негіздейтін істер мен идеялар; Әйелдер қауымдастықтарымен қарым-қатынас орнату, ортақ мақсаттарды айқындау; Әйелдердің интеллектуалдық еңбегін дамыту, демократиялық қоғам құру үшін пайдалану; Әйелдердің қоғамдағы және өндірістегі мүдделерін қорғау.

Кеңес қызметі мынаны көздейді: әйелдер денсаулығын жақсарту мақсатында медициналық орталықтармен іс-шара ұйымдастыру; Университеттің Ғалым әйелдерінің ғылыми еңбектерімен таныстыру, насихаттау; Әйелдердің моральдық, материалдық жағдайларын жақсарту жолдарын қарастыру; Отбасы және әйел арасындағы әлеуметтік, құқықтық мәселелерге көмек беру; Университетте қызмет ететін әйелдерден сауалнамалар жүргізу; Әйелдердің еңбегін қорғау; Әйелдерге салауатты өмір сүру салтын насихаттау; Әйелдер арасында спорттық, мәдени іс-шара өткізу; Әйелдер мәселесі шеңберінде «Дөңгелек столдар» өткізу; Қайырымдылық жұмыстарын дамыту.

Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ әйелдер кеңесінің жоспарында мына мәселелер қамтылған:

1. Университетте әйелдер қауымдастығын құру, жоспарын, ережесін құрастыру, бекіту;
2. Барлық факультеттерде әйелдер қауымдастығын құру;
3. Әйелдер қауымдастығының отырысын өткізу;
4. Студенттер арасында мұң-мұқтаждары туралы сауалнама жүргізу;
5. Университетте қызмет жасайтын әйелдер арасында мұң-мұқтаждары туралы сауалнама жүргізу;
6. Әйелдер қауымдастығын жұмыс нәтижелерін БАҚ (газет, радио, теледидар) арқылы таратуды ұйымдастыру;
7. Жас мамандармен сұхбат өткізу, оларға педагогикалық такт, мәдениет

туралы дәрістер өткізу;

8. Әр факультетте оқытушылар, студенттермен кездесулер өткізу;

9. Жатақхана қыздарымен кездесулер өткізу;
10. Әйелдердің моральдық, материалдық жағдайларын жақсарту жолдарын қарастыру;
11. Отбасы және әйел арасындағы әлеуметтік, құқықтық мәселелерде көмек беру;
12. Әлеуметтік, ақшалай көмек қажет ететін қыз-келіншектер туралы мәлімет алып, басшылыққа жеткізіп, көмек беру;
13. Әйелдер денсаулығын жақсарту мақсатында медициналық орталықтармен іс-шара ұйымдастыру;
14. Әйелдердің еңбегін қорғау;
15. Университеттің ғалым-әйелдерінің ғылыми еңбектерімен таныстыру, насихаттау;
16. Әйелдер арасында салауатты өмір сүру салтын насихаттау;
17. Әйелдер арасында спорттық, мәдени іс-шара өткізу;
18. Әйелдер мәселесі шеңберінде «Дөңгелек үстелдер» өткізу;
19. Қайырымдылық жұмыстарын дамыту;
20. Студенттерге қазақ халқының салт-дәстүрі мен әйелдердің рөлі туралы дәрістер өткізу;
21. Ай сайын теледидар арқылы қазақтың дәстүрі, ұлттық тәрбие туралы дәрістер өткізу.

Тәрбие жұмысы барлық іс-әрекеттер арқылы жүзеге асады. Атап айтсақ, университетімізде «Этикалық және тәртіптік комиссия» жұмыс жасайды. Бұл комиссияның мақсаты – дау-дамайды шеше отырып, мәмілеге келтіре отырып, тәрбие беру.

Педагогикалық стереотиптер және олардың тәлім-тәрбиедегі рөлі туралы әңгіме қозғайық. Стереотиптеу нәтижесінде оқытушының санасында мұратты (идеал) студенттің бейнесі қалыптасады. Мұндай шәкірт ұстазының еңбегін жемісті және жеңіл етеді: жақсы оқиды, тәртіп бұзбайды, сөздерін екі етпейді, құлақ салады. Осындай студенттерді сүйкімді адам ретінде де жоғары бағалайды. Ал, керісінше, жаман студент оқытушының ұнамсыз сезімдерінің қайнар көзі болғандықтан нашар, жағымсыз, әдепсіз адам болып есептелінеді.

Маңызды жайт: оқытушылардың үстірттері студенттердің нақты жетістіктерін айқындайды. Ұстаз өзі ғана өз стереотипінің құрбаны болып қоймай, студентке де кесірін тигізеді. Оқытушының сөзіне қарап студент өзін-өзі де дәл солай қабылдай бастайды. Әу бастан «нашар», «әлсіз», «қабілетсіз» атағына ие болған студент өзін-өзі төмен бағалап, кейде жек көруге дейін жетеді. Керісінше, жылы сезім, жақсы сөз, мақтау мен мадақты жиі еститін студент өз күшіне сеніп, ұстаздардың үмітін ақтауға тырысады. Оқытушыдан шәкіртке жететін кері байланыс, Э. Бернс айтуынша, «өзін-өзі растайтын аян» болып шыға келеді.

Зерттеулер көрсеткендей, студенттің өзі түгіл, аты да оқытушыға ұнамаса, ол студенттің өзіндік бағасына әсер тигізеді екен. Оқытушыға есімі жағатын бала өзіне жылы сезіммен қарайды екен. Осындай стереотиптерді «Күту стереотипі», «Пигмалион эффектсі» деп атайды.

Жоғарыда айтылған жайттерді ескере отырып, университет студенттеріне дұрыс тәрбие беру барысында олардың психологиясын білу қажет, соның ішінде өзара түсіністіктің құрылымы мен механизмдерін ескеру қажет.

Гульрайруз ЕРКИБАЕВА,  
ХҚТУ Әйелдер кеңесінің төрайымы, педагогика  
ғылымдарының докторы, профессор

ЖАЗИРАДАЙ  
ЖОМАРТ ЖАН-  
ДАР БОЛСА  
ҒОЙ...

Әлеуметтік желілердің бірінен танымал тележурналистің өз парақшасында Рио Олимпиадасында күміс жүлдеге ие болған зілтемірші Жазира Жаппарқұлды «Алтын жүрек» сыйлығына лайық деп ой тастаған жазбасын көзіміз шалып қалды.



Оған себеп Жазираның мемлекет тарапынан берілетін қаржылай сыйлығы тиын-тебеніне дейін қалдырмай науқас жиен сіңісіні емдеуге жұмсауға уәде еткені, тіпті сыйлыққа алған автокөліктерінің өзін туыстарына тарата бастағаны себепші болса керек.

Пайғамбарымыздың хадистерінің бірінен: «Науқастың халін сұрауға бара жатқан жан жаннатқа кетіп бара жатқанмен бірдей» деген жолдарды оқығаным бар еді, ауру кісіге қол ұшын созбақ түгілі, атақ-байлыққа құныққан байшыкеш замандастарымыздың жаннат есігін ашуға да уақыт таппайтыны өкінішті-ақ. Мына қарындасымыздың осы бір сауапты ісі соларға ой салса екен дейсің кейде.

Байлыққа, барға ұмтылған күйбең тірлік көбімізді безбүйрек етіп бара ма, қалай? Осы қалада «қолы жүріп тұрған» қалталы адамдар жоқ емес, бар. Оқу орнымыздан да табылады. Бірақ солардың жарлы-жақыбайға қарайласып жатқандары санаулы-ақ. Қаншама түл жетім студенттер бар, мүгедек жастар да аз емес, қолы қысқа таланттардан да кенде емеспіз, университет көрсеткен жәрдем болмаса, қалталылардан қайыр көріп жатқандары шамалы. Өркім өз көрпесін өзіне қымтаған заман.

Тойынған тойхана, шалқыған шатхана салып жатыр. Мектеп салайын, балабақша салайын, театр, мәдениет ошағын соғайын деп жатқан бірі жоқ. Тіпті, той тапсырысшыларынан түсетін жал пұлына қанағаттанбай, салқындатқышыма, түрлі-түсті жарығыма, саз-әуеніме бөлек төлейсің дегенді де шығарып алды. Сырттан әнші келмесін, жыр-күйшің табысымды бөлмесін дейтін тойханалар да жоқ емес.

Кейде қайырым рушылдыққа ұласып бара жатыр ма деп те қорқасың. Ат-көлік мінгізіп жататындардың әрекетіне қарап осыны аңғарасың. Әр ру бір-бір «президенттерін» сайлап алып, бір әулет деңгейінен шыға алмайтын күйбең тірлікке көшкен.

Қалай десек те, арамыздан жомарт жандар азайып бара жатыр. Қолымыздағы артық дүниемізді ауру-сырқауға беріп, кеуілдерін сұрасақ-шы. Мына жарық дүниеде бір-бірімізге қол ұшын созғаннан басқа не қалды дейсіз...

Бекжігіт СЕРДӨЛІ.

## ТӘУЕЛСІЗДІККЕ - 25 ЖЫЛ

Ұлт ретінде жойылып кетудің қасіретті қаупі қара бұлттай торлаған ауыр саяси-экономикалық жағдайда еліміз өз тәуелсіздігін жариялап, егемендікке қадам басқан болатын. Енді, міне, Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырлық жолында біртұтас ел ретінде жарқын болашаққа қадам басып келеміз. Өткен жылы Тәуелсіздік қарсаңында Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды. Онда қазіргі аса күрделі де аумалы-төкпелі заманның құбылыстары ашып көрсетіліп, дағдарыстан шығудың даңғыл жолы сараланды. Бұл тарихи құжаттың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» деп аталуының астарында терең мағына жатқанын айқын ұғынуға болады. Асқақ рухпен өрілген Жолдауында Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның өлемдегі дамыған 30 елдің қатарынан табылуға бағытталған ұлы мақсат жолынан таймайтынын атап көрсетті. Мұның түпкі межесі Тәуелсіз Қазақ елін «Мәңгілік ел» ету екенін нық сеніммен жеткізді. Бұл, сөз жоқ, әрбір саналы жанның жігерін жанып, ертеңгі күнге деген сенімін серпілте түсті.

Елбасымыздың әрдайым өзін ерекше дараландырып тұратынайрықшақасиеттері терең тарихымыздың тағылымдары мен көреген халқымыздың даналықтарын жадында жаңғыртып отыратындығы дер едім. «Күншығыс елі десе – Жапония, аспанасты елі десе – Қытай, Таңғы шық елі десе – Корея» есімізге түседі. Тіпті Голландия елі өздерінің қызғалдағымен өлем халқының жадында жатталған. Бізге де осындай баламалы ұғымдармен байланысты атаулар керек. Ақиқатында, қазақтар, мына біз, Ұлы Даланың балаларымыз. Аталарымыз сайын дала төсінде көшіп-қонып қана жүрмеген, бүгінгідей байтақ жерімізді қорғап, көзінің қарашығындай сақтап, біздерге аманаттаған ұлы бабалардың ұрпағымыз», - деді Елбасы. Осынау Ұлы Даланың иесі есептелетін Қазақ мемлекетінің атауы қазақ қоғамын толғандырып келген-ді. Соңғы жылдары Президент мемлекетті «Қазақ елі» деп белгілеп, «Мәңгілік елдік» мәртебесін асқақтатумен келеді. Қазақ елінің Мәңгілік Ел болып жасай беруі – Елбасының Ұлы арманына айналды. Ұлы Даланы күллі өлемге танытып, Қазақ елінің терезесін теңгерген ұлы саясаткер Нұрсұлтан Әбішұлы өз халқына деген шексіз сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі болып табылады.

Үстіміздегі жылдың басында жарияланған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың туған жерге деген сүйіспеншілік сезімі, өз халқы мен Отанының бақыты туралы аңсауы айқын көрінетін. «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» деген мақаласында ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтары үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі асыл арман болып келгені, біз осыдан бар-жоғы ширек ғасыр бұрын ғана барлық ақыл-ойымыз бен жүрегімізді баурап алған көптеген ой-ниеттерімізге қол жеткізгеніміз жүрек тебіренісімен баяндалады. Осы орайда төмендегі жолдардың жүрегімізді шуақты нұрға бөлегенін айтқымыз келеді. «... біз Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясына ие болдық, - деп толғанады Президент. – «ЕЛ» сөзінде үлкен біріктіруші күш бар, өйткені, барлық уақыттарда да туған жер қазақстандықтар үшін ең жақын және өзіне тартушы құндылық болған және болып қала береді

Мәңгілік Ел идеясында болашаққа деген жалпыхалықтық сенім айнадағыдай көрініс тапқан.

Жасампаз қазақстандық патриотизмнің негізін біз өзіміздің ұлы істерімізбен қалыптастырдық.

Оны нығайтып және көбейтіп қана қоймай, сонымен бірге, ұрпақтан ұрпаққа, дәуірден дәуірге ұластырып отыру керек.

Мәңгілік Ел Патриоттық Актісінің тарихи және рухани күші де осыдан танылуы тиіс».

Бұл айтылғандардан ежелгі тарихымызды әспеттеуден бастап, өлемнің үздік отыздығына ену мақсатына дейінгі – асыл арманымыздың қырлары жарқырай көрінеді. Өз дамуының ең ғажап ғасырына қадам басқан Қазақ елінің өткен тарихы талай-талай тағылым қалдырды. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін жас ұрпақ бойына тарихи және мемлекетшілдік сананы терең сіңіре отырып, сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Осылай десе, заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары саналатын білім мен кәсіби машықтың атқаратын төндессіз рөліне айрықша мән берілетіні ешқандай да талас тудырмайды.

Жас ұрпақ тәрбиесінің басы-қасында жүрген жандардың бірі ретінде Елбасы Жолдауы мен мақаласы аясында өзіндік толғандырып жүрген бірқатар ой-пікірлерімді ортаға салғым келеді. Тәуелсіздік жылдарында қасиетті Түркістан қаласының өсіп-өркендей түсуіне кезінде Елбасының өзі үкілі үмітпен ашқан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің лайықты рөл атқарып келе жатқаны ақиқат. Қазақ елі Тәуелсіздігінің қарсаңында шаңырақ көтерген білім ордасына былығы маусым айында ширек ғасыр толды. Айтулы датаны лайықты атап өтуге жан-жақты дайындық жасадық. Осы орайда, оқу орнында студенттерге сапалы білім берумен қатар патриоттық рухта тәрбиелеуге де айрықша мән берілетінін нық сеніммен айта аламыз. Білім ордасының

қабырғасында өркен жайған жастар арасындағы достық пен бірлік түркі халықтары ынтымағының негізі болып табылады. Кезінде қазақ хандығының рухани астанасы болған киелі шаһардың мәртебесін көтере түсуге белсене атсалысу білім ордасының ұстанып отырған негізгі бағыты болып табылады. Студент-жастар тәрбиесінде осы тұрғыда түрлі іс-шаралар жүргізу негізге алынған. Солардың бірі Қазақ хандығының 550 жылдығын оқу орнында кең көлемде мерекеленді. Ең бастысы – университеттің өнер факультеті студенттері мен оқытушыларының тың ізденісімен қазақ хандары мен батырларының тұтас галереясы дүниеге келді. Мұны өткен жылы сәуір айында білім ордасына арнайы атбасын бұрған Қазақстан Президенті Н.Назарбаев пен Түркия Президенті Тайып Неджет Ердоған тамашалап, ризашылықтарын білдірді. Содан бергі бір жылдан астам мерзім ішінде университетіміздің мәдениет орталығында Ұлы Дала тарихының галереясы бой көтерді. Бұл игілікті істің сапалы атқарылуына бар мүмкіндік жұмылдырылды. Суретші-мамандарымыздың қабілет-қарымы мен тың ізденістерінің нәтижесінде көрме идеясының авторы

телеарналарының журналистеріне берген сұхбатында «Бүкіл өлем бойынша қазақтар туралы мәліметтер мен тарихи деректер жиналды. Өздеріңіз білетіндей, біздің еліміздің өткенінің үлкен бөлігі жазбаша түрде сақталмаған, тек ауызша ғана сақталған. Интеллигенция мен ғалымдардың міндеті біздің еліміз туралы тарихи деректерді жинау, талдау жасау және ретке келтіру болып табылады», - деп баса айтты. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған мерекелік іс-шараларда алға қойылған мақсат биігінен көріндік дей қою қиын. Жасыратыны жоқ, жоғымызды түгендеп, тарихымызды тереңдете зерттеуде өткізілген конференциялар, шығарылған кітаптар, басылымдар жарияланымдары негізінен кәсіби тарихшылардың ғана көдесіне жарайтын дүниелер болып қалғанын жоққа шығара алмаймыз.

- Алматыдағы Ә.Қастеев атындағы көркемсурет галереясы бар, - деген еді бір әңгімесінде университетіміздің президенті, өнер жанашыры У.Әбдібеков. - Еліміздегі бірден-бір осы ежелгі галерея бізге суретшілердің суреттерін жарнамалайтын орын сияқты көрінеді. Еліміздің елдігін, тамы-

## ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ



әрі жоба жетекшісі университет президенті, профессор У.С.Әбдібеков. Көркем сурет авторлары О.Бабажанов, М.Шаханбаев, Е.Мәмбетбаев, С.Алтышев, М. Абилдаев, Ү. Ерубаев. Ғылыми кеңесшілер тарихшы - ғалымдар М.Қожа, Х.Тұрсын, Е.Төлегенов, Л.Динашева, Г.Жороева. Қазіргі кезде университетіміздің «Қазақ даласының тарихы» сурет көрмесі Астанаға жол тартып, республика Қазақ Ұлттық көрмесінің Алтын залына қойылған, оны халық тамашалауда. Университет ұсынып отырған бұл сурет көрмесі қырық қалам туындысын біріктірген «Ұлы Даланың ұлы тұлғалары» және «Ұлы Даланың Ұлы оқиғалары мен құбылыстары» деген екі бөлімнен тұрады.

Көрменің басты мақсаты Ұлы Дала Елі – Қазақстан Республикасының жеті мың жылдық тарихын суретпен сөйлетеу болғандықтан көрмеге ел тарихында өшпес орны бар тарихи тұлғалар мен Қазақ елінің мақтанына айналған оқиғалар мен құбылыстардың бейнелі тарихи топтастырылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ешнәрсе жоқ. Қазақтың бүкіл тарихы бірігу тарихы, тұтастану тарихы» болғандықтан сурет тілімен бейнелеу – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының тұғырын бекітуге қызмет ету тиіс. Көрмеге ұсынылған суреттердің тақырыбы мұқият таңдалып, мамандардың ғылыми және көркемдік сараптамасынан өткен.

